



Автор: Тлеукунова Марал Сайрановна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары

Тақырып: Белгілі спорт жұлдыздары. Етістік, оның мағыналық түрлері.

| | |
|---|--|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 6.2.1.1 Мәтіннен негізгі және қосымша детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру. Етістік, оның мағыналық түрлері. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар орындай алады: Белгілі спорт жұлдыздарына берілген мәтіннен нақты ақпаратты табады, түсіндіреді, тірек сөздерді қолданады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Мәтіндегі негізгі ақпаратқа сүйене отырып, сұрақтар дайындайды. Етістіктің мағыналық түрлерін ажыратады. Кейбір оқушылар орындай алады: Мәтін бойынша ақпараттарды өмірмен байланыстыра отырып эссе жазады. |
| Тілдік мақсаттар: | Пәнге қатысты тіркестер және негізгі сөздер: Спорт, жанкүйер, тұғыр, дода, ту, жүлделі орын, көздеген мақсат, жеңімпаз атану. Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Сұхбаттасу, ой бөлісу. |
| Күтілетін нәтиже: | Өздері қалаған белгілі спорт жұлдызын сипаттай отырып «Постер» қорғайды. 1. Тақырыпты түсінеді 2. Тақырыпты ашады 3. Хат жазады. |
| Бағалау критерийлері: | 1. Мәтіннен нақты ақпаратты табады, түсіндіреді, тірек сөздерді қолданады. 2. Мәтінге сұрақтар дайындайды. 3. Өмірмен байланыстыра отырып, эссе жазады. |
| Құндылықтарды дарыту: | Зайырлы қоғам және жоғары руханият |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | спорт түрлерімен таныстыру |
| Пәнаралық байланыс: | Дене шынықтыру, өзін-өзі тану. |
| Бастапқы білім: | Белгілі спорт жұлдыздары кімдер? Қазіргі жастарға спорттың қай түрі ұнайды? Біздің елдегі ерекше танымал спорт түрлері. Соңғы спорт жаңалықтары. |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------|---|-----------|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал орнату. «Жүректен-жүрекке» әдісі. Сабақтың мақсатымен таныстыру. Топқа бөлу. (спорт түрлері бойынша) Бағалау парақшасын тарату. «Ой қозғау» Адамдар спортпен не үшін шұғылданады? Спорттың адамға қандай пайдасы бар? Өздерің спорттың қандай түрін ұнатасыңдар? | |
| Сабақтың ортасы | Кітаппен жұмыс Суреттегі спортшылар туралы білетін ақпараттарыңмен бөлісіңдер 1-тапсырма. Жүппен жұмыс «Бірігіп оқу» әдісі бойынша мәтін мазмұнымен танысып, нақты және қосымша ақпаратты табады, түсіндіреді. Мәтіндегі тірек сөздердің мағынасын анықтайды. | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|----------------|---|-----------|
| Сабақтың соңы | <p>Үйге тапсырма: «Арманға қанат бітірген спорт жұлдыздары» эссе жазу</p> <p>Кері байланыс Бүгінгі сабақтан алған асерлерін стикерге жазып, тақтаға</p> | |
| Рефлексия | ҚБ «Басбармақ» арқылы | |
| қазақ тілі | Белгілі спорт жұлдыздары. Етістік, оның мағыналық түрлерін білу | |